

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ТҮРКІ ТІЛДЕС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Мейрамкүл ИСАЕВА*	<i>PhD, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Салыстырмалы саяси зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, meiramkul.issayeva@erzincan.edu.tr², ORCID ID: 0000-0003-3207-2706</i>
Omer GEDİK	<i>доцент, Ататүрік университеті, құқық факультеті, Конституциялық құқық кафедрасы, Анкара, Түркия, omergedik@ataturk.edu.tr, ORCID ID: 0000-0002-8296-6639</i>
Бауыржан ЖҰМАШЕВ	<i>құқық магистрі, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Астана, Қазақстан, baurjanga@gmail.com, ORCID ID: 0000-0005-5630-4649</i>
Гүлнара НҮСІПОВА	<i>PhD, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, gulnara.nussipova@iph.kz, ORCID ID: 0000-0003-4570-0484</i>

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 15/06/2025

Қайта өңделген күні: 08/09/2025

Қабылданған күні: 10/09/2025

DOI: 10.52123/1994-2370-2025-1530

ӨЖ 342.4

ҒТАХТК 11.25.19

Аңдатпа. Жаһандық коммуникациялар қарқын алған заманда өркениетті дамуды мақсат еткен елдер құқықтық мемлекетті қалыптастыруды мақсат етуде. Құқықтық мемлекет барлық саласында заңның үстемдігі қамтамасыз етілген мемлекет. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуында және дамуында бірнеше қағидаға сүйенеді. (Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы бірнеше қағидаға сүйенеді.) Құқықтық мемлекеттің ең маңызды қағидалардың бірі – құқықтық қауіпсіздік қағидасы. Құқықтық қауіпсіздік қағидасының міндеттері: азаматтардың заң алдындағы қорғалу кепілдігі, құқықтық нормалардың тұрақтылығы мен болжамдылығы, сондай-ақ мемлекет тарапынан еркіндіктер мен құқықтарға негізсіз араласпау. Құқықтық қауіпсіздіктің құқықтық мемлекет құрудағы маңызы: азаматтардың құқықтық сенімін арттыру, заңның үстемдігі қамтамасыз ету, сот билігінің әділдігі арттыру және құқықтық мәдениет қалыптастыру. Құқықтық қауіпсіздік қағидасынсыз құқықтық мемлекет толыққанды дами алмайды.

Сонымен қатар, мақалада Орталық Азия Түркі Тілдес Республикаларда (Орталық Азия түркі тілдес республикаларында) құқықтық қауіпсіздік құндылықтары қалай қалыптасып жатқаны талқыланады. Осы тұрғыда аталған аймақтағы құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы қызметтер қарастырылады. Бұл елдердегі құқықтық қауіпсіздікті дамытуда Конституциялық бақылауды жүзеге асыратын Конституциялық Сот қызметі салыстырмалы (түрде) талданады.

Түйін сөздер: құқықтық мемлекет, құқықтық қауіпсіздік, Конституция, Конституциялық Сот, Орталық Азия түркі тілдес республикалар

Аннотация. В эпоху стремительного развития глобальных коммуникаций страны, нацеленные на цивилизованное развитие, ставят своей целью формирование правового государства. Правовое государство - это государство, в котором обеспечено верховенство закона во всех сферах. Формирование и развитие правового государства опирается на ряд принципов. Одним из важнейших принципов правового государства является принцип правовой безопасности. Задачи принципа правовой безопасности: обеспечение гарантий защиты граждан перед законом, устойчивость и предсказуемость правовых норм, а также недопустимость необоснованного вмешательства государства в свободы и права. Значение правовой безопасности для построения правового государства заключается в повышении правового доверия граждан, обеспечении верховенства закона, укреплении справедливости судебной власти и формировании правовой культуры. Без принципа правовой безопасности полноценное развитие правового государства невозможно.

Кроме того, в статье рассматривается ценности правовой безопасности в тюркоязычных республиках Центральной Азии. В этом контексте анализируются меры по обеспечению правовой безопасности в данном регионе. Сравнительно рассматривается деятельность Конституционных судов, осуществляющих конституционный контроль в этих странах.

Ключевые слова: правовое государство, правовая безопасность, Конституция, Конституционный суд, тюркоязычные республики Центральной Азии

*Хат-хабарларға арналған автор: М. Исаева, meiramkul.issayeva@erzincan.edu.tr

Abstract. In the era of rapidly expanding global communications, countries striving for civilized development aim to establish the rule-of-law state. A rule-of-law state is one in which the supremacy of law is ensured in all spheres. The formation and development of a rule-of-law state are based on a number of principles. One of the most important principles of the rule-of-law state is the principle of legal security. The tasks of the principle of legal security include: guaranteeing the protection of citizens before the law, ensuring the stability and predictability of legal norms, as well as preventing unjustified interference by the state in rights and freedoms. The significance of legal security in building a rule-of-law state lies in strengthening citizens' trust in law, ensuring the supremacy of law, enhancing the fairness of the judiciary, and fostering a culture of legality. Without the principle of legal security, the rule-of-law state cannot develop fully.

In addition, the article discusses how the values of legal security are being shaped in the Turkic-speaking republics of Central Asia. In this regard, attention is given to measures aimed at ensuring legal security in the region. The activities of Constitutional Courts, which carry out constitutional review in these countries, are comparatively analyzed.

Keywords: rule-of-law state, legal security, Constitution, Constitutional Court, Turkic-speaking republics of Central Asia

Кіріспе

Құқықтық мемлекет қағидасының негізгі элементтерінің бірі – құқықтық қауіпсіздік қағидасы. Бұл қағида азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, заңдардың айқындығы мен тұрақтылығына, сондай-ақ мемлекеттің құқықтық реттеуінің болжамдылығына кепілдік береді. Құқықтық қауіпсіздік – тек заңдардың болуымен шектелмей, олардың әділ қолданылуы мен азаматтардың оларға сену мүмкіндігімен өлшенетін күрделі құқықтық феномен. Орталық Азия түркі тілдес республикалары – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан – тәуелсіздік алғаннан бері құқықтық жүйелерін жаңғыртып, құқықтық мемлекетті қалыптастыру бағытында түрлі реформалар жүргізіп келеді. Бұл елдерде құқықтық қауіпсіздік қағидасы конституциялық деңгейде танылып, мемлекеттік басқару, сот жүйесі және құқық қорғау органдары қызметінде елеулі рөл атқара бастады. Алайда, құқықтық қауіпсіздіктің қалыптасуы мен дамуы әр елде біркелкі емес. Бірқатар мемлекеттерде құқық нормаларының жиі өзгеруі, заңдардың құқықтық анық еместігі немесе олардың тұрақсыздығы азаматтар арасында құқыққа деген сенімсіздік туындатуы мүмкін. Осы тұрғыда, аталған қағиданың теориялық негіздерін талдау мен Орталық Азия елдеріндегі құқықтық реформалар аясындағы практикалық көріністерін салыстырмалы зерттеу — қазіргі таңда ерекше өзектілікке ие.

Бұл зерттеуде құқықтық қауіпсіздік қағидасының мәні мен мазмұны, оның орталықазиялық кеңістікте даму динамикасы, ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарға сәйкестігі қарастырылады. Сонымен қатар, бұл қағиданың жүзеге асырылуына кедергі келтіретін факторлар мен оны жетілдіру жолдары ұсынылады. Құқықтың жеткілікті түрде өз функциясын атқармайтын, толық институционализацияланбаған немесе тиімді жұмыс істемейтін қоғамдарда жеке тұлғалар мен қоғамның жалпы қауіпсіздігін қамтамасыз ету — заманауи кезеңдегі ең өзекті және күрделі проблемалардың бірі болып отыр. Мұндай жағдайларда адамдардың құқықтары мен заң алдындағы теңдігі қағаз жүзіндегі ұстаным болып қалып, іс жүзінде құқықтық белгісіздік, құқықтық нигилизм және мемлекеттік органдардың шешімдеріне сенімсіздік қалыптасуы мүмкін.

Шынайы құқықтық мемлекет — бұл тек қоғамдық тәртіпті сақтау жүйесі ғана емес, сонымен бірге адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын нақты әрі тиімді қорғауға қабілетті құқықтық құрылым. Мұндай мемлекеттің іргетасы — конституциялық құрылыс. Конституциялық жүйенің дұрыс және тұрақты жұмыс істеуі құқықтық қауіпсіздіктің басты алғышарты болып табылады. Конституциялар, бір жағынан, мемлекеттік биліктің аясын шектеп, оның өкілеттіктерін заңмен белгілейді, ал екінші жағынан — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының ауқымын айқындайды, оларды заң тұрғысынан таниды және қорғайды. Аталған құқықтарды қорғау ісінде Конституциялық Соттар, Жоғарғы соттар, тәуелсіз әкімшілік және қоғамдық бақылау тетіктері шешуші рөл атқарады. Бұл институттар құқықтық дауларды шешіп қана қоймай, мемлекеттік биліктің өз шеңберінен шықпауын қамтамасыз етеді және құқықтық теңдік пен әділеттіліктің сақталуына ықпал етеді.

Сондықтан қауіпсіздікті тек қана құқықтық тәртіп пен заң үстемдігі шеңберінде қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін құқықтық нормалар мен институттар нақты жұмыс істеуі тиіс, ал олардың қызметі формалды емес, мазмұндық тұрғыдан әділеттілікке негізделуі тиіс. Мұндай жүйеде сот билігі мен конституциялық бақылау органдары тек төрелік етуші емес, сонымен бірге құқықтар мен бостандықтардың белсенді қорғаушысы болуға міндетті.

Осылайша, құқықтық қауіпсіздік — бұл құқықтық мемлекеттің тек қосымша емес, негіз қалаушы қағидаларының бірі, ол қоғамдағы сенімділік пен тұрақтылықтың негізі ретінде қызмет етеді. Ол құқықтық қатынастардың анықтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етіп,

азаматтар мен институттар арасындағы сенімді нығайтады. Қандай да бір мемлекеттің конституциялық мәтіндерінде немесе ресми құжаттарында мемлекетті «құқықтық мемлекет» деп көрсетуі мемлекеттің шын мәнінде құқықтық мемлекет екенін білдірмейді. Құқықтық мемлекет – нақты конституциялық және институционалдық құрылымдардың болуымен мағынаға ие болатын қасиет.

Құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын қағидалардың бірі – құқықтық қауіпсіздік принципі. Қазіргі конституциялық демократияның негізін құрайтын бұл қағида тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да құқықтық тәртіптің қызмет етуінің негізгі элементі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында құқықтық қауіпсіздік қағидасының теориялық негіздері мен практикалық көріністерін кешенді түрде талдау үшін индуктивтік және дедуктивтік ой қорыту, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, жүйелік, формальды-заңи, сондай-ақ жалпығылыми талдау мен синтез әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер

Құқықтық қауіпсіздік азаматтардың құқықтық тәртіпке сенімін білдіреді. Бұл сенімді қамтамасыз ету үшін адамдар қай ереженің қашан және қалай қолданылатынын алдын ала білуі керек. Басқаша айтқанда, жеке тұлғалардың заңды түсінуіне және қолданыстағы заң ережелеріне сәйкес әрекет етуге мүмкіндігі болуы керек. Бұл тұрғыда құқықтық қауіпсіздік принципі жеке тұлғалардың құқықтарын қорғайды.

Құқықтық қауіпсіздік – құқықтық мемлекеттің негізгі элементі ретінде. Құқықтық мемлекет ұғымы Англияда “the rule of law”, Германияда “Rechtsstaat”, және Америкада “due process” деп аталады. Тұжырымдама ағылшын-американдық құқықтық тілде “state of law” және француз тілінде “etat de droit” деген атпен белгілі болды. “The rule of law” термині либерализм қағидаттарына негізделсе, ал “Rechtsstaat” ұғымы мемлекетті заң негізінде ұйымдастыруды жақтайды. Британдықтардың “the rule of law” ұғымының қолдануында жеке тұлғаның құқықтарын қорғауға басымдылық беріледі. Яғни, жақсы қоғам мен басқарудың жақсы нысаны туралы көзқарасқа сәйкес келетін “the rule of law” демократиялық институттар, еркін нарық және адам құқықтарын құрметтеу сияқты маңызды элементтердің болуын талап етеді. Немістердің “Rechtsstaat” түсінігі болса, керісінше, заңдылыққа басымдылық беруге бағытталған. АҚШ-та қолданылатын “due process” тұжырымдамасының баламасы – үш табиғи құқықтың (өмір сүру, бостандық және меншік құқығы) барлығын бірдей бірдей қамтиды [1, 38].

Құқықтық мемлекет — бұл мемлекеттің барлық іс-әрекеттері мен рәсімдері заңға толық сәйкес жүзеге асырылатын, адам құқықтары мен бостандықтарын мойындайтын әрі оларды қорғауға бағытталған, сондай-ақ барлық салаларда әділетті құқықтық тәртіпті орнатып, дамытып және қолдап отыратын саяси-құқықтық жүйе. Мұндай мемлекетте заң тек реттеуші құрал ғана емес, сонымен бірге қоғамдық қатынастардың басты өлшемі ретінде танылады. Құқықтық мемлекет – Конституция мен оның жоғары заңдық принциптерімен тығыз байланысты, барлық мемлекеттік билік тармақтарында заңның үстемдігін қамтамасыз ететін құрылым [1, 42]. Ғылыми әдебиеттерде «құқықтық мемлекет» ұғымына қатысты бірыңғай және әмбебап анықтама берілмегенімен, бұл тұжырымдаманың мазмұнын сипаттайтын негізгі теориялық және институционалдық белгілер қалыптасқан. Олар құқықтық мемлекеттің қызмет ету сапасын, құқықтық мәдениетін және билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастар деңгейін бейнелейді. Ғылыми әдебиеттерде бұл термин жөнінде нақты анықтама болмаса да, құқықтық мемлекеттің сапасы мен қызметін сипаттайтын негізгі элементтер бар.

Жоғарыда айтылған көзқарастарды тұтастай бағалай отырып құқықтық мемлекет сипатын білдіретін келесі принциптерді атауға болады:

№1. Кесте. Құқықтық мемлекет сипатын білдіретін келесі принциптер

№	Принциптер	Қысқаша сипаттамасы
1.	Заң үстемдігі	Мемлекет пен азаматтардың заңға бағынуы; заңдардың үстем рөлі
2.	Адам құқықтарын қорғау	Негізгі құқықтар мен бостандықтардың заңмен танылуы және қорғалуы.
3.	Теңдік	Барлық азаматтар үшін құқықтардың теңдей қолданылуы.
4.	Тәуелсіз сот	Соттардың тәуелсіз қызмет етуі, әділ және бейтарап төрелік жүргізу.
5.	Биліктердің бөлінуі	Заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің бөлінуі мен теңгерімі.
6.	Демократиялық режим	Халық егемендігі, сайлау еркіндігі, биліктің ашықтығы мен есептілігі.
7.	Құқықтық қауіпсіздік	Заңдардың айқын, тұрақты және алдын ала болжанатын болуы.
8.	Мемлекеттің қаржылық жауапкершілігі	Азаматтарға келтірілген залал үшін мемлекеттің жауап беруі.
9.	Заң үстемдігі	Заңдардың Конституцияға сәйкестігін қамтамасыз ететін тетік.
10.	Адам құқықтарын қорғау	Мемлекеттік органдардың заң шеңберінде әрекет етуі.

Ескерту - [1] қайнар көзі негізінде авторлармен құрылды


Көріп отырғанымыздай құқықтық мемлекетін сипатын ашатын бірнеше қағидалар бар. Құқықтық мемлекеттің маңызды талаптарының бірі – құқықтық қауіпсіздік. Егер мемлекеттегі құқық нормалары заңсыздыққа қарсы қалқан қызметін атқармаса, жеке адамдар мемлекеттің алдында қорғансыз болады. Құқықтық мемлекет ережелердің болуымен ғана емес, сонымен бірге бұл нормалардың нақты, болжамды, дәйекті және қолданыла алатынымен де ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық қауіпсіздік болмаған жерде құқықтық мемлекет де мағынасын жоғалтады. Құқықтық қауіпсіздіктің ішкі принциптері: құқықтық анықтық, қол жетімділігі мен түсініктілігі, құқықтық мәтіннің сапасы, қолданылатын заңның ретроактивтілігі принципі және заңды анықтық принципі. Заңның қол жетімділігі мен түсініктілігі қағидатына сәйкес құқықтық мәтіндер анық және түсінікті болуы керек. Заңды мәтіндерде түсініксіздік, күрделілік және қайшылық болмауы керек. Құқықтық қауіпсіздіктің ішкі принциптерінің бірі болып табылатын заңның кері күшінің болмау принципі жаңа ережелерді өткен жағдайларға қолдануға болмайтынын айтады [1, 76]. «Құқықтық қауіпсіздік» ұғымы кейбір дереккөздерде түрлі терминдермен беріледі. Атап айтсақ; неміс тілінде «rechssicherheit», ағылшын тілінде «legal certainty», француз тілінде «la securite juridique» [2, 16; 3, 146], испан тілінде «la seguridad juridica», итальян тілінде «certezza del diritto», швед тілінде «rattssakerhet», поляк тілінде «obowiazujacego prawa», фин тілінде «oikeusvarmuuden periaate» терминдері арқылы білінеді [2, 12].

Кейбір авторлар құқықтық қауіпсіздік принципі ежелгі Дәуірде Афины кезеңінде, кейбір авторлар Рим Құқығы кезеңінде, ал авторлардың үшінші тобы буржуазия пайда болған кезеңдерде пайда болған деп тұжырымдайды. Авторлардың тағы бір тобы құқықтық қауіпсіздік принципінің тарихын Магна Карта мен Адам Құқықтары Декларациясынан бастау алады деген пікірге сүйенеді. Құқықтық қауіпсіздік принципі Ежелгі Аристотельдік философияға негізделгенімен, бұл қағида алғаш рет Германияда, 20 - ғасырдың бірінші жартысында пайда болып, Еуропада құқықтық қауіпсіздік қағидасы алғаш рет Еуропалық Қоғамдастықтың Сотында қолданылды [2, 248]. Құқықтық әдебиеттерде құқықтық қауіпсіздік ұғымына қатысты көптеген анықтамалар бар. Құқықтық қауіпсіздікті құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасы ретінде сипаттайтын Гезлердің пікірінше, құқықтық қауіпсіздік дегеніміз – жеке тұлғалардың өздеріне қолданылатын заң нормаларын алдын ала білуге мүмкіндігі болуы және осы ережелерге сәйкес өз мінез-құлқын реттей алуы [4, 86-87]. Женева Университетінің профессоры Доктор Б. Кнапп құқықтық қауіпсіздік принципі бес элементтен тұрады деп болжайды: заңдылық, теңдік, пропорционалдылық, құқықтық анықтық және заңның кері күшінің болмау принципі [5, 4]. Құқықтық қауіпсіздік принципі – құқықтық анықтық, тұрақтылық және болжамдылық сияқты негізгі шарттарды қамтамасыз ететіндігін білдіреді [2, 22]. Құқықтық анықтық құқықтық қауіпсіздіктің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Заңдардың нақты және түсінікті болуы,

заңдарды жариялау және заңдардың сапалық саны секілді құқықтық анықтықтың ішкі элементтері бар. Құқықтық тұрақтылық дегеніміз – құқықтық нормалардың, олардың қолданылуының және сот шешімдерінің бірізділігі. Құқықтық болжамдылық, құқықтық қауіпсіздіктің үшінші қағидасы болып табылады. Құқықтық болжамдылық адамдарға ережелерді, олардың орындалуын және сот шешімдерінің салдарын болжау және жоспарлау арқылы өмір сүруге мүмкіндік береді [1, 75-76].

№1. Диаграмма. Құқықтық нормалар тұрғысынан анықтықтың маңызды элементтері

Құқықтық нормалар тұрғысынан анықтықтың маңызды элементтері



Ескерту - [2, 21-25] қайнар көзі негізінде авторлармен құрылды

Құқықтық нормалардың түсінікті болуы құқықтық анықтық принципінің ең маңызды элементі болып табылады. Яғни, ережелер түсінікті тілде жазылып, нақты көрсетілуі керек. Құқықтық нормалардың жариялануы/хабарлануы сияқты процестер құқықтық анықтық тұрғысынан да маңызды. Заңдардың жарияланбай күшіне енбеуі фактісі құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде ескерілуі тиіс рәсім болып табылады. Құқықтық нормалар жарияланбаса немесе жарияланбай күшіне енген кезде құқықтық анықтық элементі мен құқықтық қауіпсіздік принципіне сақталмайған болып саналады [1, 73-76]. Американдық ғалым Джеймс Р. Максайнердің пікірінше, құқықтық анықтық келесі элементтерден тұрады: заңдар мен құқықтық нормалар жалпыға қолжетімді болуы керек, анық болуы керек, соттардың шешімдері міндетті болуы керек, заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің ретроактивтілігіне шектеулер қойылуы керек және құқықтық үміттер қорғалуы керек [6]. Заңдардың көптігі құқықтық анықтылық тұрғысынан проблемалар тудыруы мүмкін. Құқықтық нормалар мен шешімдерді дайындау мерзімдерін анықтау да құқықтық анықтылыққа ықпал етеді [2. 95]. Құқықтық тұрақтылық ұғымы құқықтық қауіпсіздіктің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. “Құқықтық тұрақтылық” ұғымы “құқық нормаларының жиі өзгермейтіндігі” мағынасын береді [7, 73]. Құқықтық тұрақтылық принципінің екі функциясы бар. Біріншісі – құқықтық нормалардың жиі өзгеруіне жол бермеу арқылы құқықтық болжамдылық пен нақтылықты қамтамасыз ету, ал екінші функциясы – құқықтық мемлекет жағдайында қолданылатын заңнаманың тұрақтылығын немесе үздіксіздігін қамтамасыз ету [8, 117-118].

Талқылау

Құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі қағидалардың бірі – құқықтық болжамдылық принципі болып табылады. Бұл принцип құқықтық нормалардың айқындылығы, тұрақтылығы және алдын ала болжануы секілді сипаттарын білдіреді. Құқықтық болжамдылық – азаматтардың құқықтық нормалар мен құқықтық салдарларды алдын ала болжай алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, құқықтық сенімділіктің негізі саналатын маңызды элемент. Аталған принципке сәйкес, құқық нормалары заңды күшіне енген сәттен бастап қолжетімді болуы, олардың мазмұны түсінікті әрі нақты тұжырымдалуы, сондай-ақ құқықтық реттеудің тұрақты және алдын ала болжамды сипаты қамтамасыз етілуі тиіс [9, 149]. Құқықтық болжамдылықтың бұзылуы азаматтардың құқыққа деген сенімін әлсіретіп, құқықтық реттеудің тиімділігіне теріс әсер етеді. Тиісінше, бұл қағида құқықтық мемлекеттің іргелі құрылымдық және институционалдық тірегі ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін барлық қағидалар өзара тығыз байланыста әрекет етеді. Бұл элементтердің әрқайсысы құқықтық мемлекеттің тиімді қызмет етуінің институционалдық және құқықтық кепілі болып табылады. Олардың бірінің болмауы немесе формалды түрде ғана жүзеге асырылуы заң үстемдігін толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Осы тұрғыда құқықтық мемлекет – бұл тек формалды құқықтық мәртебеге ие болумен шектелмейтін, институттардың нақты әрі тиімді жұмыс істеу қабілеттілігімен өлшенетін күрделі саяси-құқықтық жүйе екенін ескерген жөн. Құқықтық мемлекеттің өміршеңдігі мен тұрақтылығы оның құрылымдық элементтерінің өзара байланысы мен функционалды үйлесіміне тікелей тәуелді. Құқықтық қауіпсіздік принципі – осы жүйенің өзегінде тұрған, жеке тұлғаның мемлекетке деген сенімін қамтамасыз ететін, қоғамдық тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті бекітетін және заң үстемдігін институционалдық деңгейде орнықтыратын маңызды қағидалардың бірі. Бұл принцип – азаматтардың құқықтық мәртебесінің, олардың заң алдындағы қорғалуы мен еркіндігінің нақты кепілі бола отырып, құқықтық мемлекеттің практикалық іске асуының көрсеткіші ретінде танылады.

Бүгінгі таңда құқықтық қауіпсіздік қағидасы ерекше мәнге ие болып отыр, әсіресе цифрландырылған мемлекеттік басқару жүйесінің кеңеюі, құқықтық реттеудің жылдам өзгеруі, сондай-ақ жаһандық және өңірлік дағдарыстар (пандемия, миграциялық үдерістер, экономикалық тұрақсыздық және т.б.) жағдайында бұл қағиданың рөлі арта түсуде. Осындай күрделі ахуалда құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен сенімділігі – азаматтардың мемлекетке деген сенімінің негізгі іргетасы бола алады. Бұл ретте заң шығарушы органдардың құқықтық нормаларды қабылдауда аса мұқият және алдын ала құқықтық салдарын бағалай отырып әрекет етуі, атқарушы биліктің ашықтығы мен есептілігі, сот билігінің нақты тәуелсіздігі мен бейтараптығы, сондай-ақ құқық нормаларының айқын, тұрақты және алдын ала болжанатын сипатта болуы аса маңызды. Тек осы институционалдық және нормативтік шарттар орындалған жағдайда ғана азаматтар заң үстемдігіне сеніп, еркін әрі қадір-қасиетке сай өмір сүру мүмкіндігіне ие бола алады.

Орталық Азия Түркі Тілдес Республикаларда құқықтық қауіпсіздік принципі

Орталық Азияның түркі тілдес республикалары – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан – Кеңес Одағының ыдырауынан кейін мемлекеттік егемендіктерін жариялап, өздерінің конституциялық құрылымын қалыптастыруға кірісті. Бұл мемлекеттер ең алдымен тәуелсіз ұлттық Конституцияларын қабылдады және уақыт өте келе олардың мәтіндеріне кезең-кезеңімен реформалар енгізді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында 1993 және 1995 жылдары екі түрлі Конституция қабылданса, Қырғыз Республикасының Конституциясы бірнеше рет толығымен қайта жазылып, әрбір кезеңде саяси режимнің өзгеруіне байланысты елеулі түзетулерге ұшырады. Өзбекстан мен Түрікменстан бастапқы Конституцияларын сақтағанымен, олардың мазмұнына көптеген конституциялық өзгерістер енгізілді. Бұл процесс, бір жағынан, саяси институционализацияны қамтамасыз етуге, екінші жағынан, құқықтық мемлекет қағидаларын орнықтыруға бағытталған болатын. Аталған республикалардың конституциялық мәтіндерінде құқықтық мемлекет қағидасы әртүрлі деңгейде қамтылғанымен, оны іс жүзінде жүзеге асыруда елдер арасында елеулі айырмашылықтар байқалады. Бұл айырмашылықтар құқық нормаларының орындалу тетіктерінде, адам құқықтарын қорғау механизмдерінің тиімділігінде, сот жүйесінің тәуелсіздік деңгейінде, сондай-ақ атқарушы биліктің заңмен шектелуінде көрініс табады. Конституцияларда құқықтық мемлекеттің қағидаларын орнықтырумен қатар, адам құқықтарын қорғау бағытында бірқатар нормативтік-құқықтық актілер

қабылданып, демократияландыру үдерістеріне қадамдар жасалуда. Соған қарамастан, Орталық Азия елдерінің құқықтық мемлекетке көшу үдерісін аяқталған құбылыс деп біржақты бағалау ертерек. Көптеген институционалдық тетіктер, соның ішінде сот жүйесінің тәуелсіздігі, заңнаманың болжамдылығы және құқық үстемдігі мәселелері әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Орталық Азия түркі тілдес республикаларының посткеңестік кезеңдегі конституциялық құрылымын тек саяси модернизация немесе билік жүйесін қайта құрудың құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар құқықтық мемлекет қағидасына негізделген институционалдық трансформация ретінде қарастыру қажет. Бұл трансформацияның маңызды элементтерінің бірі — конституциялық бақылау тетіктері, атап айтқанда конституциялық соттардың құрылымы, өкілеттіктері және олардың тиімді қызметі. Конституциялық соттар заңдардың Конституцияға сәйкестігін қадағалап қана қоймай, құқықтық мемлекет қағидаларының іс жүзінде орнығуына, азаматтардың құқықтарын қорғауға және билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға шешуші үлес қосады.

Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау институты тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде біршама тұрақсыз эволюциялық бағытты бастан өткерді. 1993 жылғы алғашқы Конституция аясында классикалық Конституциялық Сот құрылып, конституциялық әділет жүйесінің негізі қаланған болатын. Алайда, 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституциямен бұл орган таратылып, оның орнына Конституциялық Кеңес құрылды. Конституциялық Кеңеске конституциялық бақылау функциялары берілгенімен, оның құрылымы мен қызмет ету тәртібі саяси сипаттағы элементтерге көбірек тәуелді болды. Бұл жағдай құқықтық мемлекет қағидасын толық жүзеге асыру жолында шектеу болып саналды, өйткені Кеңестің институционалдық тәуелсіздігі мен құқықтық тиімділігі халықаралық стандарттарға сәйкес келмеді және отандық, шетелдік сарапшылар тарапынан жиі сынға алынып отырды. Осы тұрғыда 2022 жылғы 5 маусымда Қазақстанда жүргізілген кең көлемді конституциялық реформалар шеңберінде Конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Сотты қайта құру жөніндегі шешім қабылданды. Бұл өзгеріс құқықтық мемлекет пен билік тармақтарының бөлінуі қағидаттарын нығайту бағытында жасалған маңызды институционалдық қадам ретінде бағаланды. Жаңа Конституциялық Соттың енгізілуі конституциялық бақылаудың дербестігі мен объективтілігін арттыруға, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау тетіктерін кеңейтуге, сондай-ақ мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының Конституцияға бағынуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Осылайша, Қазақстандағы соңғы реформалар құқықтық мемлекетті құру жолындағы прогрессивті бетбұрысты білдіреді және ұлттық құқықтық жүйенің институционалдық сапасын арттыруға бағытталған әрекеттердің бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс [10].

Қырғыз Республикасындағы конституциялық бақылау жүйесі ұзақ уақыт бойы Жоғарғы Сот құрамындағы Конституциялық палата арқылы жүзеге асырылып келді. Бұл құрылымдық шешім конституциялық әділетті жүзеге асыруда дербес конституциялық сот органының жоқтығына алып келіп, сот жүйесі ішіндегі биліктерді теңгеру және тежеу қағидаттарының толық іске аспауына себеп болды. Конституциялық палата өзінің құқықтық мәртебесі жағынан Жоғарғы Сотқа бағынысты орган ретінде танылды, бұл оның функционалдық тәуелсіздігіне және шешім қабылдау еркіндігіне шектеу қойды.

Алайда 2021 жылғы 11 сәуірде бүкілхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған жаңа Конституция аясында Қырғызстанда тәуелсіз Конституциялық сот құрылды. Бұл реформа билікті бөлу қағидатын нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау тетіктерін жақсарту және конституциялық бақылауды дербес институт деңгейіне көтеру мақсатында жүзеге асырылды. Жаңа Конституциялық соттың құрылуы елдегі құқықтық мемлекеттің институционалдық негіздерін нығайтуда маңызды қадам болды. Дегенмен, бұл органның нақты тәуелсіздігі мен тиімділігі уақыт өте келе, оның қабылдайтын шешімдерінің сапасы мен саяси қысымнан қорғалу деңгейіне қарай бағаланатын болады [11].

Аталған мемлекеттердің ішінде конституциялық бақылау институтының ең ерте және тұрақты дамыған үлгісі – Өзбекстан Республикасында қалыптасқан. Тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған 1992 жылғы Конституция негізінде құрылған Өзбекстан Конституциялық соты алғашқылардың бірі болып толыққанды конституциялық сот төрелігін жүзеге асыратын орган ретінде қалыптасты. Бұл сот өзінің институционалдық тұтастығын сақтай отырып, ұзақ жылдар бойы үздіксіз қызмет атқарып келеді. Конституциялық соттың шешімдері конституциялық құқық саласының дамуына елеулі үлес қосып, ұлттық заң ғылымында конституциялық құқықтық доктринаның қалыптасуына жол ашты.

Сонымен қатар, Өзбекстан Конституциялық соты уақыт өте келе құрылымдық жағынан дамып, өз өкілеттіктерін кеңейтіп, мемлекеттік билік тармақтары арасындағы конституциялық тепе-теңдікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын институтқа айналды. Өзбекстанның бұл тәжірибесі Орталық Азияда конституциялық бақылау саласындағы институционалдық тұрақтылықтың үлгісі ретінде қарастырылады [12].

Түрікменстан Республикасында конституциялық бақылау функциясын жүзеге асыратын дербес Конституциялық Сот органы құрылмаған. Құқықтық жүйенің бұл ерекшелігі мемлекетте билік тармақтарының нақты бөлінуінің әлсіздігін көрсетеді және құқықтық мемлекет қағидаттарының іске асырылуына белгілі бір шектеу қояды. Түрікменстан Конституциясының 81-бабына сәйкес, конституциялық бақылау қызметі заң шығарушы орган – Мәжіліске жүктелген [13]. Бұл жағдайда Парламенттің өз актілеріне қатысты конституциялық сараптама жүргізуі және басқа мемлекеттік билік органдарының құқықтық актілерін бағалауы оның объективтілігі мен бейтараптығына күмән тудырады. Яғни, бұл құрылымдық шешім дербес соттық бақылау тетігінің жоқтығын, сонымен қатар құқықтық үстемдік қағидасының толық іске аспауын білдіреді.

Қорытындылай келе, Орталық Азияның түркі тілдес республикаларында құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы конституциялық реформалар мен институционалдық қайта құрулар бірқатар ілгерілеулерге алып келгенімен, бұл үдеріс аяқталған немесе тұрақты деп бағалана алмайды. Әсіресе, конституциялық бақылау институтының дербестігі мен тиімділігі бұл елдердің құқықтық мемлекетке айналу жолындағы басты индикаторларының бірі болып табылады.

Қазақстан мен Қырғызстанда соңғы жылдары жүргізілген реформалар нәтижесінде Конституциялық соттардың қайта құрылуы билік тармақтарының өзара теңгерімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдар болды. Өзбекстанда бұл институт қалыптасқан және тұрақты тәжірибеге ие болса, Түрікменстанда әлі күнге дейін дербес конституциялық бақылау органы жоқ, бұл құқықтық мемлекеттілік деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.

Орталық Азия мемлекеттерінің құқықтық мемлекетке бет бұруы тек ішкі саяси ерік-жігермен ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтық стандарттарға бейімделу, институционалдық сенімділікті арттыру және қоғамдық құқықтық сананы нығайту сияқты сыртқы және ішкі факторлардың үйлесімділігін талап етеді. Аймақта тұрақты конституциялық құрылысқа қол жеткізу құқықтық сенімділікке негізделген басқару жүйесін қалыптастыру арқылы ғана мүмкін болмақ.

Қорытынды

Мақаламыздың негізгі тақырыбы болған құқықтық қауіпсіздік қағидасы құқықтық мемлекеттің ең маңызды шарттарының бірі болып табылады. Құқықтық қауіпсіздіксіз құқықтық мемлекеттің тұрақты және тиімді жұмыс істеуі мүмкін емес. Бұл принцип – құқықтық мемлекет пен әділетті басқару жүйесін қалыптастырудың негізін құрайды және әрбір елдің Конституциясында бекітіліп, құқықтық реформалар, азаматтық бостандықтарды қамтамасыз ету, сондай-ақ сот әділдігі арқылы жүзеге асады.

Орталық Азия түркі тілдес республикаларында тәуелсіздік алған кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін құқық саласында ауқымды реформалар жүргізілді. Конституциялық өзгерістер елдің даму бағытын айқындайтын маңызды бағдар ретінде саналады. Соңғы жылдары Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанда қабылданған конституциялық реформалар негізінде республикаларда жаңа даму концепциялары мен доктриналары пайда болды. Атап айтқанда, Қазақстанда – «Жаңа Қазақстан», Өзбекстанда – «Жаңа Өзбекстан», ал Қырғызстанда – «Унгу жол» бағдарламалары енгізілуде.

Дегенмен, құқықтық қауіпсіздік принципі Орталық Азия түркі тілдес республикаларында конституциялық деңгейде танылғанымен, оны іске асыру дәрежесі әр елде әртүрлі. Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстандағы соңғы конституциялық реформалар құқықтық мемлекеттің дамуына басымдық берсе де, Түркіменстанда құқықтық мемлекет қағидалары Конституцияда бекітілгенімен, құқықтық қауіпсіздіктің нақты деңгейі шектеулі болып отыр.

БҰҰ-ның 2024 жылғы мәліметтеріне сәйкес, құқықтың үстемдігі көрсеткіші бойынша әлемнің 142 мемлекетінің ішінде Қазақстан 65-орынды, Өзбекстан 83-орынды, ал Қырғызстан 101-орынды иеленген [14, 18]. Түркіменстан бұл тізімге енбеген. Құқық үстемдігі – құқықтық мемлекеттің басты индикаторларының бірі болғандықтан, аталған мемлекеттерде құқықтық мемлекеттің толық қалыптасуы әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Қазақстанның дамыған 50

мемлекеттің қатарына енуіне бағытталған стратегиялық бағдарламасын ескере отырып, бұл көрсеткіш әлі де жеткіліксіз деп бағаланады. Сонымен қатар, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстан үшін де құқықтық мемлекетті қалыптастыруда құқық саласындағы жүргізілген реформалардың нәтижелілігін арттыру, заңдардың тәжірибеде орындалуын қамтамасыз ету маңызды міндет болып отыр.

Қосымша мәліметтер: Мақала BR21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық ықпалдар: тәуекелдер мен мүмкіндікер» ғылыми жоба зерттеуінің аясында жазылған.

Әдебиеттер тізімі

1. Issayeva, M. (2023). The concept of the rule of law in the constitutions of Central Asian Turkic states (PhD dissertation). Erzincan Binali Yıldırım University, Institute of Social Sciences, Department of Public Law, Erzincan, Turkey.
2. Köküsarı, İ. (2015). The principle of legal certainty in constitutional law. Ankara: Adalet Publishing.
3. Döner, A. (2022). Turkish constitutional law (2nd ed.). Ankara: Yetkin Publishing.
4. Gözler, K. (2017). Lectures on Turkish constitutional law (21st ed.). Bursa: Ekin Publishing.
5. Mat'ye, B., & Maslo, T. S. (2017). Problems of the principle of legal security. Bulletin of BSU, 1(1), 3–8. Retrieved from <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/241690/1/3-8.pdf> (қаралған күні: 20.07.2025).
6. Derbysheva, E. A. (2020). The principle of legal certainty: Concept, aspects, place in the system of legal principles (PhD dissertation). Yekaterinburg. Retrieved from https://usla.ru/science/dissovet/file/base/1/493/dissert_dl.pdf (қаралған күні: 02.07.2025).
7. Özdemir, S. (2018). Legal certainty and legal stability. Journal of Local Administrations, 72(220), December. Retrieved from https://www.academia.edu/38038262/HUKUK_G%C3%9CVENL%C4%B0%C4%9E%C4%B0_VE_HUKUK%C3%8E_%C4%B0ST%C4%B0KRAR (қаралған күні: 20.05.2025).
8. Can, E. (2016). The formal element of administrative acts. Istanbul: On İki Levha Publishing. Retrieved from <http://nek.istanbul.edu.tr:4444/ekos/TEZ/ET001108.pdf> (қаралған күні: 02.07.2025).
9. Otacı, C. (2019). Criminal law case-law in the context of predictability and the requirement of legal certainty in judicial decisions. Retrieved from <https://hfsa-sempozyum.com/wp-content/uploads/2019/01/HFSA27-Otac%C4%B1.pdf> (қаралған күні: 10.07.2025).
10. Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1995). Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_
11. Constitution of the Kyrgyz Republic. (2021). Retrieved from <https://www.gov.kg/ru/p/constitution>
12. Constitution of the Republic of Uzbekistan. (2023). Retrieved from <https://constitution.uz/ru>
13. Constitution of Turkmenistan. (2016). Retrieved from <https://faolex.fao.org/docs/pdf/tuk127828.pdf>
14. World Justice Project. (2024). Rule of law index: 2024 insights. Retrieved from <https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/> (қаралған күні: 20.07.2025).

References

1. Issayeva, M. (2023). The concept of the rule of law in the constitutions of Central Asian Turkic states (PhD dissertation). Erzincan Binali Yıldırım University, Institute of Social Sciences, Department of Public Law, Erzincan, Turkey.
2. Köküsarı, İ. (2015). The principle of legal certainty in constitutional law. Ankara: Adalet Publishing.
3. Döner, A. (2022). Turkish constitutional law (2nd ed.). Ankara: Yetkin Publishing.
4. Gözler, K. (2017). Lectures on Turkish constitutional law (21st ed.). Bursa: Ekin Publishing.
5. Mat'ye, B., & Maslo, T. S. (2017). Problems of the principle of legal security. Bulletin of BSU, 1(1), 3–8. Retrieved from <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/241690/1/3-8.pdf> (Accessed: July 20, 2025).
6. Derbysheva, E. A. (2020). The principle of legal certainty: Concept, aspects, place in the system of legal principles (PhD dissertation). Yekaterinburg. Retrieved from https://usla.ru/science/dissovet/file/base/1/493/dissert_dl.pdf (Accessed: July 2, 2025).

7. Özdemir, S. (2018). Legal certainty and legal stability. Journal of Local Administrations, 72(220), December. Retrieved from https://www.academia.edu/38038262/HUKUK_G%C3%9CVENL%C4%B0%C4%9E%C4%B0_VE_HUKUK%C3%8E_%C4%B0ST%C4%B0KRAR (Accessed: May 20, 2025).
8. Can, E. (2016). The formal element of administrative acts. Istanbul: On İki Levha Publishing. Retrieved from <http://nek.istanbul.edu.tr:4444/ekos/TEZ/ET001108.pdf> (Accessed: July 2, 2025).
9. Otacı, C. (2019). Criminal law case-law in the context of predictability and the requirement of legal certainty in judicial decisions. Retrieved from <https://hfsa-sempozyum.com/wp-content/uploads/2019/01/HFSA27-Otac%C4%B1.pdf> (Accessed: July 10, 2025).
10. Constitution of the Republic of Kazakhstan. (1995). Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_
11. Constitution of the Kyrgyz Republic. (2021). Retrieved from <https://www.gov.kg/ru/p/constitution>
12. Constitution of the Republic of Uzbekistan. (2023). Retrieved from <https://constitution.uz/ru>
13. Constitution of Turkmenistan. (2016). Retrieved from <https://faolex.fao.org/docs/pdf/tuk127828.pdf>
14. World Justice Project. (2024). Rule of law index: 2024 insights. Retrieved from <https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/> (Accessed: July 20, 2025).

РАЗВИТИЕ ПРИНЦИПА ПРАВОВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ТЮРЬКОЯЗЫЧНЫХ РЕСПУБЛИКАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Мейрамкул ИСАЕВА*, PhD, научный сотрудник Центра сравнительных политических исследований Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, meiramkul.issayeva@erzincan.edu.tr, ORCID ID: 0000-0003-3207-2706

Omer GEDIK, Ассоциированный профессор, Университет Атамюрка, юридический факультет, кафедра Конституционного права, Анкара, Турция, omergedik@ataturk.edu.tr, ORCID ID: 0000-0002-8296-6639

Бауыржан ЖУМАШЕВ, магистр права, Кокшетауский университет им. А.Мырзахметова, Астана, Казахстан, baurjanga@gmail.com ORCID ID: 0000-0005-5630-4649

Гульнара НУСИПОВА, PhD, ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, gulnara.nussipova@iph.kz, ORCID ID: 0000-0003-4570-0484

DEVELOPMENT OF THE PRINCIPLE OF LEGAL SECURITY IN THE TURKIC-SPEAKING REPUBLICS OF CENTRAL ASIA

Meiramkul ISSAYEVA*, PhD, Researcher at the Center for Comparative Political Studies at the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, meiramkul.issayeva@erzincan.edu.tr, ORCID ID: 0000-0003-3207-2706

Omer GEDIK, Reporter of the Constitutional Court of the Republic of Turkey, Associate Professor, Atatürk University, Faculty of Law, Department of Constitutional Law, Ankara, Turkey, omergedik@ataturk.edu.tr, ORCID ID: 0000-0002-8296-6639

Baurzhan ZHUMASHEV, Master of Law, Kokshetau University. A. Myrzakhmetova, Astana, Kazakhstan, baurjanga@gmail.com ORCID ID: 0000-0005-5630-4649

Gulnara NUSSIPIVA, PhD, Leading Researcher of the Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, gulnara.nussipova@iph.kz, ORCID ID: 0000-0003-4570-04



This article is an Open Access article distributed under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution 4.0 (CC BY 4.0) License (<http://creativecommons.org/licenses/by/4.0/>).